

№3 қамқоршылық кеңестің хаттамасы
«Балбөбек» бөбекжай» КМҚК Шет ауданы Ақадыр кенті

Күн тәртібі:

Өткізілген: 08 қаңтар 2024 жыл

Қатысқан ата – ана саны – 28

Тақырыбы: Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу

1. Бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысу.

2. Қысқы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен таныстыру.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі мен педагог-психолог бала құқықтарын қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Мекемеде Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалары негізінде жұмыстар ұйымдастырылатыны айтылды. Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары, тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен кездесулер және жеке кеңестер тұрақты жүргізілетіні баяндалды.

Сонымен қатар балаларға қолайлы және қауіпсіз орта қалыптастыру, зорлық-зомбылықтың алдын алу, тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асырылып отырғаны атап өтілді.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері бала құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстардың маңыздылығын атап өтіп, ата-аналар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін ұсынды.

Шешім қабылданды

1. Бала құқықтарын қорғау бойынша атқарылып жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шаралар тұрақты жүргізілсін.

3. Ата-аналарға арналған құқықтық ағарту жұмыстары жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Медицина қызметкері мен дене шынықтыру нұсқаушысы қысқы сауықтыру кезеңінде ұйымдастырылатын шынықтыру шаралары туралы таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында таза ауадағы серуендер, таңғы жаттығулар, қимылды ойындар, ауа және күн тәртібіне сәйкес шынықтыру шаралары жүргізілетіні айтылды.

Қыс мезгілінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, дене белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстардың жүйелі ұйымдастырылатыны атап өтілді.


Талқыланды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері қысқы сауықтыру шараларының балалар денсаулығын нығайтудағы маңызын атап өтіп, жұмысты жалғастыру жөнінде ұсыныстар білдірді.

Шешім қабылданды:

1. Қысқы сауықтыру кезеңіндегі шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған шынықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру қамтамасыз етілсін.
3. Қауіпсіздік талаптарының сақталуына тұрақты бақылау жүргізілсін.

«Балбөбек» бөбекжай» КМҚК
меңгерушісі:
Хатшы:



Қ.Д.Бақтыбаева
А.М.Сартбаева